«Бекітілді»
Атырау қаласы «№5 «Аққу»
бөбекжай-бақшасы» меңгерушісінің у.м.а:
___________Б.С.Бағытжанова
№1 педагогикалық кеңестің шешімімен №1. 31.08.2021ж..

# Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары

**Ортаңғы №4 «Өркен» тобы (3 жастан бастап)**

**Тәрбиеші: Есмағамбетова А.Т.**
**Нурумова Г.У.**

2021-2022 оқу жылдары.

«Бекітілді»
«№5 «Акку» бөбекжай-бақшасы»
меңгерушісінің у.м.а:
_______ Бағытжанова Б.С.

**2021-2022 оқу жылына арналған ортаңғы№4 «Өркен» тобының өтпелі тақырыптары**

| № | Айлар | Тақырыптар | Апталық тақырыптары |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | «Балабақша» | 1. «Менің балабақшам» (топта саяхат, ересек тобына саяхат)<br>2. «Сүйікті ойындар,ойыншықтар»<br>3. «Біздің табиғат бұрышымыз» (бөлме гүлдері, герань, фиалка, бегонья)<br>4. «Балабақшадағы ересектердің еңбегі» (тәрбиеші, тәрбиеші көмекшісі, аспазшы, музыка жетекшісі) |
| 2 | Қазан | «Менің отбасым» | 1. «Менің отбасым»<br>2. «Менің калам»<br>3. «Бірге еңбектенеміз» (аула сыпырушы, дәрігер, сатушы, жүргізуші)<br>4. «Сәлем, алтын күз!» |
| 3 | Қараша | «Жомарт күз» | 1.«Пайдалы көкөністер»<br>2.«Жеміс бағында»<br>3. «Өзім туралы», «Менің көмекшілерім»<br>4. «Күн, ауа және су» |
| 4 | Желтоқсан | «Менің Отаным Қазақстан» | 1. «Алакай қыс келді!»<br>2. «Тәуелсіз Қазақстан. ҚР рәміздері»<br>2. «Қазақстанда қыстайтын құстар» (карға, торғай, көгершін)<br>4. «Сиқырлы қыс», «Қыс қызықтары» (тәжірибелік қызмет: қар, су) |
| 5 | Қаңтар | «Бізді қоршаған әлем» | 1. «Киім және аяқ киім»<br>2. «Үйде бізге не қажет» (жиһаз)<br>3. «Дастарқанды жаямыз», «Шайға арналған ыдыстар», (тәрелке, қасық, шанышқы, пышақ)<br>4. «Көліктер» (жер және әуе көліктері) |
| 6 | Ақпан | «Табиғат әлемі» | 1. «Қазақстандағы жануарлар.әлемі» (жабайы аңдар және балдары: аю-қонжық, қасқыр-бөлтірік, түлкі, тиін)<br>2. «Жануарлар әлемі» (үй жануарлары мен төлдері: сиыр-бұзау, ешкі-лақ, қой-қошақан,, құлын-құлыншақ)<br>3. «Құстар біздің досымыз» (үй құстары: әтеш, тауық, балапан, үйрек, үйрек балапандары, қаз, қаз балапандары<br>4. «Өлі және тірі табиғат» |
| 7 | Наурыз | «Салттар мен фольклор» | 1.«Аналар мерекесі»<br>2 «Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»<br>3.«Наурыз достарды шақырады!» (салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар)<br>4. «Нұр төккен, гүл көктем» |
| 8 | Сәуір | «Табиғат ояналы» | 1. «Аялайық гүлдерді»<br>2. «Шөпте не жорғалайды»<br>3. «Жайлауда» (малдардың төлдерге қамқорлығы)<br>4. «Бірге еңбек етеміз, табиғатты аялайық» |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін!» | 1. «Бір шаңырақ астында»<br>2. «Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз»<br>3. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»<br>4. «Жазда келді көңілді» |

**Өтпелі тақырып «Балабақша»**
**Кіші топ. Қыркүйек айы**
**Мақсаты:Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балалардың ортаға тез бейімделіп кетуі үшін топтағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырып бөбекжай-бақшаның әр бөлмесіне саяхат жасау**

| **Апта** | **Тақырып** | **«Денсаулық» -3**<br>Дене шынықтыру | **«Қатынас»-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет-0,5 | **«Таным»-2**<br>Жаратылыстану-1<br>Сенсорика-0,5<br>Құрастыру-0,5 | **«Шығармашылық»-3**<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25<br>Музыка-1,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Іапта** | **Менің балабақшам** | **Дене шынықтыру**<br>«Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру.Қол ұстасып шеңбер құрып тұру»<br><br>**Дене шынықтыр**<br>«Қол ұстасып,шеңбер жасау.Алаңнын бір шетінен екінші шетіне баяу,жылдам жүгіру (жалаушаға дейін) »<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Қол ұстасып,шеңбер жасау.Алаңнын бір шетінен екінші шетіне баяу,жылдам жүгіру» (жалаушаға дейін) | ***Сөйлеуді дамыту.*****Тақырыбы: «Біздің балалар қайда екен?»**<br>**Мақсаты:** Топпен таныстыру, бөлмелердің аттарын үйрету. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа үйрету. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Балабақша өз үйім».**<br>**Мақсаты:**Балалардың өз топтарына деген ыстық сезімдерін дамыту .Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарды күтіп-баптауға баулу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Тар және кең жолдар»**<br>**Мақсаты:**Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру,құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға және тәрбиешініңұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру,ұқыпты жұмыс жасай алуға тәрбиелеу. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы:«Қағаз,қарындашпен таныстыру» (Қарындаштың іздерін салу)**<br>**Мақсаты:**Көлденеңінен,тігінен сызықтар сызуды үйрету.Қағазбен,майлы қарындашпен таныстырып,жұмыс істеудағдыларын қалыптастыру.Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Өн тыңдау**<br>**«Біздің балабақшамыз»**<br>**Әні:С.Сапаргалиева**<br>Өн айту:<br>«Бала бала балақан»<br>И.Нүсіпбаев<br>Муз - ырғақты қимыл:<br>«Жүгіреміз,жүгіреміз»<br>Муз.Г.Абдрахманова.<br><br>**Музыка**<br>**Өн тыңдау**<br>**«Біздің балабақшамыз»**<br>**Әні:С.Сапаргалиева** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Наурыз (?)** | **Менің достарым** | **Дене шынықтыру**<br>Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу жүгіру (жалаушаға).Бір орында тұрып қос аяқпен секіру»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Бір орында тұрып,қос аяқпен секіру. Белгіленген жерге дейін (2-3м) еңбектеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Бір орында тұрып,қос аяқпен секіру. Белгіленген жерге дейін (2-3м) *еңбектеу.»* | ***Көркем әдебиет***<br>**Тақарыбы: «Екі дос» (өлең) Д.Данабеков**<br>**Мақсаты:** Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету.Ойында және қарым-қатынаста сыпайлылық көрсете алуға көмектесу,өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | ***Жаратылыстану***<br>**Тақарыбы: «Тату доспыз бәріміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Жас шамасына сәйкес ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Құлыншаққа арналған жол»**<br>**Мақсаты:** Балаларға 4 мүмкіндіктің ішінен 2 берілген түс бойынша(қызыл, көк) затты таңдауға үйрету, заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту, спектерде түстер бояуларын араластырудың ретімен таныстыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. | ***Жапсыру***<br>**Тақарабы: «Пирамида»**<br>**Мақсаты:** Ойыншық атауымен таныстыру; қағаз жолақтарынан пирамида құрастыруға, түстерді ажыратуды үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br><br>***Сурет салу***<br>**Тақарыбы: «Әуе шарлары»**<br>**Мақсаты:**Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту.Саусақ икемділіктерін,бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Тыңдау:«Тәтті бала»<br>Т.Сопиев<br>Өндеген К.Қуатбаев<br>Ән айту:<br>«Кел ,балақан»<br>муз.К.Қуатбаев<br>Муз – ырғақты қимыл:<br>«Билейміз»Е.Андосов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Шапта** | **Менің сүйікті ойыншықтарым** | **Дене шынықтыру**<br>«Белгіленген жерге дейін (2-3м) еңбектеу. Таяқшалардан (3-4) аттап жүру»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Таяқшалардан (3-4) аттап жүру. Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Таяқшалардан (3-4) аттап жүру. Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту» | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Мақсаты:** Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету.Қандай? сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «»Менің ойыншықтарым**<br>**Мақсаты:** Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру.Ойыншықтардың аттарын атап,оларды,бір-бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.Ойыншықтарды күтіп ұстауға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Доптар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, тәрбиешінің ұсынған шарты бойынша екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңестікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. «Үлкен», «кіші» деген ұғымдарды игерту және оны іс-әрекет барысында көрсете алу дағдыларын қалыптастыру. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Маймақ маң-маң басады»**<br>**Мақсаты:** Аюдың ізін қылқаламмен , қарындашпен үлкен және дақ түсіру арқылы салуға үйрету.Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту .Қыс мезгілінде аңдарға,жан-жануарлара қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:«Топ-топ,балақан» (К.Қуатбаев. Қ.Ыдырысов)<br>Ән айту:«Шар» (К.Қуатбаев)<br>Муз - ырғақты қимыл: «Жүгіреміз,жүгіреміз» Муз.Г.Абдрахманова<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:«Топ-топ,балақан» (К.Қуатбаев. Қ.Ыдырысов)<br>Ән айту:«Шар» (К.Қуатбаев)<br>Муз - ырғақты қимыл: «Жүгіреміз,жүгіреміз» Муз.Г.Абдрахманова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта** | **Балабақшадағы үлкендердің еңбегі** | **Дене шынықтыру**<br>«Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту.Жіптің (биіктігі 30-40 см ) астынан еңбектеп өту»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту.Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру».<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту.Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру». | ***Көркем әдебиет***<br>**Тақырыбы: «Шалқан» орыс халық ертегісі.**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру.Ертегі кейіпкерлерінің бір-біріне айтқан сөздерін айтқызу арқылы оны сахналауға талпындыру.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | ***Жаратылыстану***<br>**Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау»**<br>**Мақсаты:** Әсем табиғат аясында күз мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіріп,айналада болып жатқан құбылыстар жайлы түсінік беру.Үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Табиғаттың әдемілігін сезініп,оны аялай білуге,қорғауға,қайырымдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Саңырауқұлақ терейік»**<br>**Мақсаты:** 2 әртүрлі пішінді және 2 әртүрлі көлемді заттарды таңдауды жүзеге асырып, заттарды көлемі мен пішініне қарай топтастыруға үйретуді , ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Түстері бойынша заттарды ажырата білуге үйрету. | ***Мүсіндеу***<br>**Тақырыбы: «Тоқаш»**<br>**Мақсаты:** Балаларды мүсіндеумен таныстыру.Екі қолымен домалақ шар жасауды үйрету. Мүсіндеудің,екі алақанмен жұмыс істеуді, домалақтау, илеу,тәрізді тәсілдерін үйрету. Балаларға халқымыздың қонақжайлылығы туралы қысқаша мәлімет беру. Ойын арқылы бала қиялын дамыту.<br>***Сурет салу.***<br>**Тақырыбы: «Күн шуағы түседі»**<br>**Мақсаты:** сары түсті бояуды пайдаланып, күнді саусақпен бояу және одан шуақ көздерін жүргізуді үйрету. Сурет салуға деген сезімін тәрбиелеу.<br>**Музыка**Тыңдау: «Біздің балабақшамыз» С.Сапарғалиев<br>Ән салу: «Бала бала балақан» И.Нүсіпбаев<br>Әуенді қимыл-қозғалыс: «Жапырақтар»Г.Абдрахманова |

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Кіші топ. Қазан айы.**

**Мақсаты:Баланың қимыл,іс-әрекет, өзге адамдардың және қоршаған ортаның өзіне деген көз-қарасын ,пікір қалыптастыру , бағасын беруіне бірден-бір негіз болатыны жайлы түсінікті дамыту. Әрбір адамның өзіне ең жақын адамдары –отбасы болатыны туралы ұғым беру.Басқаның еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Іапта** | **Менің отбасым** | **Дене шынықтыру**<br>Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру.Доғалар арасынан еңбектеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Доғалар астынан еңбектеп өту.Арқан үстінен секіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Доғалар астынан еңбектеп өту.Арқан үстінен секіру. | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы:« Шалқан» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен таныстыру.Ертегі кейіпкерлерінің бір-біріне айтқан сөздерін айтқызу арқылы оны сахналауға талпындыру.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу**.** | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым».**<br>**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру.сөйлем құрап айтуға,дыбыстарды анық,таза жеткізе білуге дағдыландыру.Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Үй және қақпа»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы:«Әжемнің жіп шумақтары»**<br>**Мақсаты:**Балаларды қызыл түсті бояумен жіп орамының суретін салуға, бояуды қатты қыспай,қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп,сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету.Балалардың қол қимылдарының қозғаласын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Ж.Қалжанова<br>Ән айту: «Нешеуміз?» А.Тоқсанбаев<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді саусақтар» Г.Абдрахманов<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Ж.Қалжанова<br>Ән айту: «Нешеуміз?» А.Тоқсанбаев<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді саусақтар» Г.Абдрахманов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ілпта** | **Менің көшем.Мен тұраты үй.** | **Дене шынықтыру**<br>Арқан үстінен секіру.Тартылған жіптен аттап өту (биіктігі 10-15 см).<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тартылған жіптен аттап өту (биіктігі 10-15 см). Допты бір-біріне лақтыру,ұстап алу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тартылған жіптен аттап өту (биіктігі 10-15 см). Допты бір-біріне лақтыру,ұстап алу. | ***Көркем әдебиет.***<br>**Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» Е. Өтетілеуов.**<br>**Мақсаты:** Құрдастармен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, қарым-қатынаста сыпайлылық көрсете алуға көмектесу,өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | ***Жаратылыстану.***<br>**Тақырыбы: Ш.Смаханұлы «Добым менің » өлеңін оқу.**<br>**Мақсаты:**Ақын туындыларына қызығушылықты көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу.Іс-қимыл әрекеттердің атауы:домалайды,секіреді сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Мен тұратын үй»**<br>**Мақсаты:** Балаларды 2 әртүрлі фигураны(дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен, кішкентай ) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып оларды пішініне және көлеміне қарай топтастыруға үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | ***Жапсыру***<br>**Тақырыбы: «Менің үйім»**<br>**Мақсаты:** Балаларды пішіндермен (үшбұрыш, төртбұрыш) таныстыру. Үйді геометриялық пішіндерден құрастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>***Сурет салу***<br>**Тақырыбы:«Үйдің терезесіндегі жарықтар»**<br>**Мақсаты:**Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра салуды үйрету.Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Қамажай»қазақ халық әні<br>Ән айту«Машина»(К.Қуатбаев)<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:»<br>Қазақ маршы»муз.А.Затаевич |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Шапта** | **Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік.** | **Дене шынықтыру**<br>«Допты бір-біріне лақтыру,ұстап алу.Түзу және ирек жолдармен жүгіру»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Түзу және ирек жолдармен жүгіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (қолды екі жаққа созу) »<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Түзу және ирек жолдармен жүгіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (қолды екі жаққа созу) » | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы: «Бауырсақ » ертегісін әңгімелеу.**<br>**Мақсаты:** Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру.Сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту**.** | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Абайла,балақай»**<br>**Мақсаты:** Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту,түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Машина»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыруға үйрету.«Алға»және «артқа»деген ұғымдарды меңгерту және оны іс-әрекет барысында көрсетуге дағдыландыру. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Бауырсақ қалай домалайды.»**<br>**Мақсаты:** Балаларды дөңгелек, ұшбұрыш,төртбұрыш пішіндерді саусақпен салуға және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен карауға үйрету.Іс-әрекет қимыл-қозғалыстарын дамыту . Саусақпен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Тыңдау:<br>«Қамажай» халық әні<br>Ән айту:«Машина»(К.Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақ қимылдар:<br>«Жайдарман»қазақтың халық әні<br><br>**Музыка**<br>Тыңдау:<br>«Қамажай» халық әні<br>Ән айту:«Машина»(К.Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақ қимылдар:<br>«Жайдарман»қазақтың халық әні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| IVапта | Алтын күз | **Дене шынықтыру**<br><br>Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру(қолды екі жаққа созып).Отырып(қашықтығы 50-100см)допты бір-біріне домалату.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Отырып (қашықтығы 50-100см) допты бір-біріне домалату.Кедергілерден (текшелерден)аттап өту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Отырып (қашықтығы 50-100см) допты бір-біріне домалату.Кедергілерден (текшелерден)аттап өту. | ***Көркем әдебиет***<br>**Тақырыбы: «Алтын дән»**<br>**Мақсаты:** Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету | ***Жаратылыстану***<br>**Тақырыбы: «Күзгі табиғат»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктермен таныстыру. Көргендерін суреттеп беруге, дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу.Табиғаттың сұлулығын түсініп,табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап,табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: « Шуақты күн»**<br>**Мақсаты:** Шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету, ауызекі сөйлеу тілін | ***Мүсіндеу***<br>**Тақырыбы: «Ағаштағы алмалар»**<br>**Мақсаты:**Ермекалақан арасына салып айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білуге үйрету,тілдерін дамыту,саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Жапырақтар түсуде»**<br>**Мақсаты:** Қылқаламмен таныстыру,сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету.қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру,қолдың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Пойыз» Ж.Тұрсынбаев<br>Ән салу«Жапырақтар»Г.Абдрахманова<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Бөбектер биі»Муз.К.Қуатбаева |

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»Кіші топ. Қараша айы.**
**Мақсаты: Балаларға дәрумендердің пайдасы туралы түсінік беру. Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Іапта** | **Пайдалы көкөністер** | **Дене шынықтыру**<br>Кедергілерден текшелерден аттап өту,биіктен қос аяқпен 5-10см секіру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Биіктен қос аяқпен 5-8 см секіру.Екі қатарға қойылған(арасы 30-40см алшақ)кегелдер арасымен допта қос қол мен көтеру жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Биіктен қос аяқпен (5-8 с м)секіру екі қатарға қойылған арасы (30-40см)алшақ кегелдер арасы мен допты қос қол мен көтіріп жүру. | ***Сөйлеудi дамыту:***<br>**Тақырып**: «Ғажайып қалта»<br>Мақсаты:Көкөністер жемістер туралы түсінік беру оларды сипаттап айтуға үйрету,сөздік қорларын молайту. | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: «Көкөніс қызанақ қияр».**<br>**Мақсаты:**Көкөністер олардың түрлері жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатын түсіндіру.Күнделікті тамаққа жие пайдаланатынын қияр мен қызынақ туралы әңгімелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жемістер»**<br>**Мақсаты:**Балаларды жеміс түрлері ментаныстыру(алма алмұрт)қағазға салынған дайын сурет пен жұмыс жасауға үйренту,олардың түсін пішінін ажырата алуға дағдыландыру. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы:«Қызанақ ,қияр»**<br>**Мақсаты:**Қағаз бетіндегі дөңгелекше мен сопақшаны,қызыл және жасыл түспен бояуды үйрету кеңестікті дұрыс пайдалану.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Ж.Қалжанова<br>Ән айту: «Нешеуміз?» А.Тоқсанбаев<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді саусақтар» Г.Абдрахманов<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Ж.Қалжанова<br>Ән айту: «Нешеуміз?» А.Тоқсанбаев<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді саусақтар» Г.Абдрахманов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта** | ***Жеміс бағында*** | **Дене шынықтыру**<br>«Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру.Допты 50-60см арақашықтыққа лақтыру (диаметрі 10-15см).<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты 50-60 см арақашықтыққа лақтыру ( диаметрі 10-15 см).Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты 50-60 см арақашықтыққа лақтыру ( диаметрі 10-15 см).Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. | ***<u>Көркем әдебиет</u>***<br>**Тақырыбы: «Жемістер жыры»**<br>**Мақсаты:**<br>Коммуникативті дағдыларын дамыту . Жемістер (алма,өрік,қара өрік,шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу. | ***<u>Жаратылыстану</u>***<br>**Тақырыбы: «Жемістер.Алма»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып,оларды бір-бірінен түсі,пішіні,дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету.Балалардың сүйіп жейтін жемісі –алмамен жақын таныстыру,түстер туралы ұғымын бекітіп,ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру.Табиғатты қорғауға баулу.<br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Көкөністер»**<br>**Мақсаты:**Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге, сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып, дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге үйрету, жазықтықта үлкен көлемді геометриялық фигураларды салыстыра білуге, қияр-сопақша, қызанақ-дөңгелек, балалар ойындарына қосымшаларды қосуды жалғастыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | ***<u>Жапсыру</u>***<br>**Тақырыбы: «Ыдыстағы жемістерден алынған сусын»**<br>**Мақсаты:** Жеміс түрлерімен таныстыру.(алма,алмұрт). Ыдыстағы дайын жеміс суреттерін орналастыруды үйрету.Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>***<u>Сурет салу</u>***<br>**Тақырыбы: «Жемістер» (саусақпен салу)**<br>**Мақсаты:**қағаз бетіне саусақпен алма және алмұртты салуды үйрету.Жасыл, сары түстер туралы білімдерін бекіту.Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа,тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Тыңдау «Күз жомарт» К.Куатбаев<br>Ән айту«Күз»Кишко<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жапырақтармен би»<br>«Листочки» әніне муз.А.Филиппенко |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Шапта** | **Өзім туралы.Мен кіммін?** | **Дене шынықтыру**<br>Баяу,қарқынды өзгерте отырып жүгіру.Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Допты алға домалату және оны қуып жету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Допты алға домалату және оны қуып жету. | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы: «Көрсет және қайтала!»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз дене мүшелерін ажырата білуге дағдыландыру.Дене мүшелерін көрсетіп атап айта білуге үйрету.Тазалыққа баулу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жауабын тап та. ата»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұл мен қыздың ерекшеліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Олардың киімдерін ойын арқылы таба білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Мұнара»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру,тәрбиешінің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып мұнара құрастыра білуге үйрету | ***Сурет салу***<br>**Тақрыбы: «Қызыл, сары жапырақтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету.Түстерді бекіту. Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Тыңдау:<br>«Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай)<br>Ән салу:<br>«Жаңбыр»(Д.Ботбаев)<br>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:<br>«Жәй және жылдам» (Е.Хасанғалиев. А.Асылбек<br>**Музыка**<br>Тыңдау:<br>«Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай)<br>Ән салу:<br>«Жаңбыр»(Д.Ботбаев)<br>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:<br>«Жәй және жылдам» (Е.Хасанғалиев. А.Асылбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта** | **Мөлдір су** | **Дене шынықтыру**<br>Допты алға домалату,қуып жету.Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру ( 50см арақашықтыққа).<br>**Дене шынықтыру**<br>Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру (50см арақашықтыққа). Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру (50см арақашықтыққа). Бір сызықтан қос аяқпен секіру. | ***Көркем әдебиет***<br>**Тақырыбы: «Балбұлақ» (өлең) Нұрхан Жанаев**<br>**Мақсаты:** Көрнекіліктер арқылы өлеңді мәнерлеп оқуға және есте сақтауға,барлық дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. | ***Жаратылыстану***<br>**Тақырыбы: «Мөлдір су»**<br>**Мақсаты:** Балаларға судың адам үшін де,жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру.Суды үнемдеп пайдалану,суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін<br><br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Шарлар,кішкентай шарлар,моншақтар»**<br>**Мақсаты:**Заттарды кезектестіріп орналастыру үйрету.Балаларды кеңістіктік үлгілеу тәсілдеріне (төмен-жоғары) қағаз түйіршіктернен шарлар жасауға, бөлшектерді кезектестіруге және қосуға үйрету.Балалардың сөздік қорын шарын,моншақтар,ұзын сияқты сөздермен байыту. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып бояуды үйрету.Ұқыпты жұмыс дағдыларын қалыптастыру.Жыл мезгілдеріне деген сүіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>***Мүсіндеу***<br>**Тақырыбы: «Марғауға арналған қайық»**<br>**Мақсаты:** Жасыл түсті ермексазды жазып домалатып,шеттерін созып үстінен алақанмен басу арқылы қайық жасауға үйрету. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Күз»Кишко<br>Ән айту: «Жаңбыр»муз.Д.Ботбаев<br>Муз ырғақты қимыл:<br>Би «Көңілді ырғақ»<br>Халық әні «Еркем-ай»өңдеген Б.Дәлденбай |

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»Кіші топ . Желтоқсан айы**
**Мақсаты: Айнала қоршаған ортадағы нәрселермен танысу, білімдерін толықтыру.әртүрлі әрекеттер түрлері процесінде бір топқа жататын заттардың аттарын жалпылау түсінігін қалыптастыру;**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Іапта** | **Қуыршақтың жиһаздары** | **Дене шынықтыру**<br>Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Сызықтардың жіптердің арасымен (арақашықтығы 20-30 см) жүгіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Сызықтардың, жіптердің арасымен (арақашықтығы 20-30см) жүгіру. Жіптің (биіктігі 30-40 см ) астынан еңбектеп өту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Сызықтардың, жіптердің арасымен (арақашықтығы 20-30см) жүгіру. Жіптің (биіктігі 30-40 см ) астынан еңбектеп өту. | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арнап бөлме дайындаймыз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды бөлме жиһаздарымен таныстыру.Оларды ажыратып атап айта білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы : «Үй жиҺаздары.Төсек»**<br>**Мақсаты:** Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру.Үй жиһаздарының бірі-төсек,оның түрлерімен таныстыру және балалардың белсенді сөздік қорын дамыту.Тазалыққа,ұқыптылыққа баулу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жиһаз»**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.Тәрбиешінің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып жиһазды құрастыра білуге үйрету. | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Сағат»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қылқаламмен тұйық сызық арқылы дөңгелек пішінді заттардың суретін салуға үйрету Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Қ.Шілдебаев<br>Ән үйрену:<br>«Кір қуыршақ»И.Нүсіпбаев<br>Би:<br>«Қуыршақпен билейміз» Ж.Тұрсынбаев<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Қ.Шілдебаев<br>Ән үйрену:<br>«Кір қуыршақ»И.Нүсіпбаев<br>Би:<br>«Қуыршақпен билейміз» Ж.Тұрсынбаев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Қаңтар | Қуыршақтың киімдері | **Дене шынықтыру**<br>Жіптің (биіктігі 30-40см) астынан еңбектеп өту.Допты бір қолмен оңға,солға лақтыру(арақашықтығы 50 см)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты бір қолмен оңға,солға лақтыру (арақашықтығы 50 см). Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты бір қолмен оңға,солға лақтыру (арақашықтығы 50 см). Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру. | ***<u>Көркем әдебиет</u>***<br>**Тақырыбы: «Үш аю» (орыс ертегісі)**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегіні түсініп,мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету. Сөйлеуге,әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу. | ***<u>Жаратылыстану</u>***<br>**Тақырыбы: «Ауа-райына,мезгілге қарай қуыршақты киіндір»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілі туралы түсінік бере отырып,маусымға сай киімдерді таңдай білуге үйрету.<br><br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Ұзын-қысқа»**<br>**Мақсаты:** «Ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру, беттестіру әдісі арқылы ұзындықты салыстыруға үйрету, сондай ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімдерін қолдана білуге үйрету, қашықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды, көз мөлшерін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | ***<u>Жапсыру</u>***<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтың тақиясын сәндейміз»**<br>**Мақсаты:**Қазақтың ұлтық бас киімі-тақиямен таныстыру.Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстырып,тақияны әшекейлеуге үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Төзімділікке тәрбиелеу.<br>***<u>Сурет салу</u>***<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз»**<br>**Мақсаты:** Қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен,кіші) безендіруге үйрету.Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Саусақтардың икемділігін арттыру,көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту.Сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Үйықта бөпем» Қ.Шілдебаев<br>Ән үйрену:<br>«Кір қуыршақ»И.Нүсіпбаев<br>Би «Көңілді ырғақ»<br>Халық әні «Еркем-ай»өндеген Б.Дәлденбай. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Шапта** | **Ыдыстар** | **Дене шынықтыру**<br>Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру.Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру.Кегельдер арасымен жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру.Кегельдер арасымен жүру. | ***Сөйлеуді дамыту.***<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету,оларды ажыратуға жаттықтыру.Қонақ күту ережелерімен таныстыру.Қонақжайлылыққа баулу. | ***Жаратылыстану***<br>**Тақырыбы: «Біздің ыдыс-аяғымыз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ыдыс-аяқтар туралы түсіндіру . Ыдыс-аяқтардың аттарын атап,оларды,бір-бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Ыдыс-аяқтарды күтіп ұстауға үйрету.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Тостаған» (қиылған бөліктерден құрастыру).**<br>**Мақсаты:** Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру,тәрбиешінің ұсынған шарты бйынша үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету | ***Сурет салу***<br>**Тақырыбы: «Тәрелкедегі құрт»**<br>**Мақсаты:** Саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету,сары түсті бояуды түстерден ажырату дағдыларын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Жасыл шырша» К.Қуатбаев<br>Ән салу;<br>«Ыршамызға арнаймыз» Тиличеева<br>Муз ырғақты қимыл:<br>Би «Көңілді ырғақ»<br>Халық әні «Еркем-ай» өндеген Б.Дәлденбай.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Жасыл шырша» К.Қуатбаев<br>Ән салу;<br>«Ыршамызға арнаймыз» Тиличеева<br>Муз ырғақты қимыл:<br>Би «Көңілді ырғақ»<br>Халық әні «Еркем-ай» өндеген Б.Дәлденбай. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта** | **Ғажайып қыс** | **Дене шынықтыру**<br>Кегельдер арасымен жүгіру.5-10 см биіктіктен секіру. (тақтайдан,кішкентай орындықтан).<br><br>**Дене шынықтыру**<br>5-10 см биіктіктен секіру.Доғаның астымен еңбектеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>5-10 см биіктіктен секіру.Доғаның астымен еңбектеу | ***<u>Көркем әдебиет</u>***<br>**Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков**<br>**Мақсаты:** Ақын туындыларына қызығушылықты,көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу . Іс-қимыл әрекеттердің атауы:қалтырайды,ағарады, қар,қыс,үлбіреген, аққала сөздерінқолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту. | ***<u>Жаратылыстану</u>***<br>**Тақырыбы: «Көңілді қыс»**<br>**Мақсаты:** Жылы киініп, шанамен сырғанап,аққала жасайтын көңілді қыс мезгілінің ерекшілігін түсіндіру. Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінің дамыту.Достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Жоғары-төмен»**<br>**Мақсаты:** Кеңістік қатынастарымен танысу, «жоғары-төмен» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету және тәрбиешінің соңынан қайталап айту,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, естіп,қабылдауды дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу**.** | ***<u>Мүсіндеу</u>***<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты:**Ақ түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтау дағдысын осы оқу іс-әрекетінде пысықтау, дамыту.Екі бөліктен тұратын аққала сомдауды, аққаланың бейнесі айқындалу үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету**.**Ойын арқылы мүсіндеудағдыларын ұштау,баланың тілін дамыту, Саусақтың ұсақ бұлшықеттері қимылын жетілдіру.Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br>***<u>Сурет салу</u>***<br>**Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды»**<br>**Мақсаты:** Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету. Саусақтардың бұлшық еттерін дамыту.Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Ақшақар» Қуатбаев<br>Ән салу: «Аяз Ата мен балалар» Г.Абдрахманова<br>Музыкалық ырғақтық қимылдар: Би:<br>«Билейміз Аяз Атамен» Фасхудинова<br>. |

**Өтпелі тақырып «Біздің кіші достарымыз» Кіші топ . Қаңтар айы**
**Мақсаты: жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жануарлар мен құстарға қамқорлық жаауға тәрбиелеу; оларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін ажыратып, атай білуге үйрету.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Іапта** | **Ауладағы құстар** | **Дене шынықтыру**<br>Доғаның астымен еңбектеу.Доптарды себетке лақтыру.<br>Доптарды себетке лақтыру.Еденде жатқан арқан үстімен жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**.<br>Доптарды себетке лақтыру.Еденде жатқан арқан үстімен жүру.<br><br>**Дене шынықтыру**.<br>Доптарды себетке лақтыру.Еденде жатқан арқан үстімен жүру. | ***<u>Сөйлеуді дамыту</u>***<br>**Тақырыбы: «Үй құстарына жем береміз»**<br>**Мақсаты:**Үй құстары және олардың пайдасы туралы түсіндіру.Сурет бойынша әңгіме құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балаларды үй құстарын қамқорлыққа алуға баулу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары. Тауық. Әтеш.Балапан»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға үй құстары және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Үй құстарының тіршілігі жайлы сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Құстардың табиғатқа, адамдарға келтіретін пайдасына тоқталу, үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Балапан»**<br>**Мақсаты:**Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы балапанды жасауға болатынын түсіндіру, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қағазбен жұмыс жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарымен қағазды умаждау арқылы екі бөліктен тұратын балапанды жасай білуге қосымша бөліктерін дайындауға үйрету. | ***<u>Сурет салу</u>***<br>**Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз»**<br>**Мақсаты:** Гуашпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:<br>«Құстар жем шоқиды» Тиличеева<br>Ән салу:<br>«Құстар келді» Ж.Қәдірмағамбетов<br>Би:<br>«Кішкентай үйректер биі» Муз.Вернер<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:<br>«Құстар жем шоқиды» Тиличеева<br>Ән салу:<br>«Құстар келді» Ж.Қәдірмағамбетов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
